Основными причинами становятся семейные (невнимание или развод родителей, смерть одного из них), личностные (одиночество, инвалидность, неудачи) и экономические проблемы. Роль «последней капли» играют школьные ситуации, поскольку школа — это место, где ребенок проводит значительную часть своего времени. 70% подростков, в качестве повода, толкнувшего их на попытку суицида, называли разного рода школьные конфликты. Из жизни уходят дети, не получившие поддержки в трудной жизненной ситуации, оставшиеся наедине со своими бедами, обидами, проблемами, встретившиеся с насилием и извращенной жестокостью.

Особое внимание следует уделить фактам совершения *групповых суицидов*, что может свидетельствовать об оказании психологического воздействия на ребенка со стороны лица, которое совместно с ним оканчивает жизнь самоубийством. Вследствие внушаемости несовершеннолетних и их психологических особенностей мысли о суициде зачастую навязываются им сверстниками или, что еще хуже, взрослыми из числа родственников, в результате чего отмечаются случаи совместного суицида.

Значительное внимание в Казахстане уделяется на исследование социальных сетей как одного из основных факторов совершения суицидов. Специалисты заявляют, что на психику подростка пагубно тем самым влияют компьютерные игры, новые технологии. Все более существенную роль в этиологии суицидального поведения несовершеннолетних играет безнаказанное размещение в информационно-телекоммуникационных сетях общего пользования информации, популяризирующей самоубийства, провоцирующей ребенка или подростка на лишение себя жизни. В Интернете имеется значительное число сайтов, где культивируется тема смерти, своим опытом делятся те, кто уже пытался покончить жизнь самоубийством².

Действующее законодательство допускает беспрепятственный просмотр несовершеннолетними пользователями сети Интернет роликов, посвященных суицидам, и «обучающимся» видеороликам с инструкциями по уходу из жизни (синий кит). Легкость и доступность поиска информации о видах и способах совершения суицидов с детализированным описанием реакции организма и последующим видом трупа после совершения суицида в поисковых системах yandex, Rambler, google, mail способны спровоцировать подростка на акт суицида. Видеоролики, содержащие презентацию изощренных способов ухода из жизни, в свободном доступе можно найти на сервисах, предоставляющих услуги хостинга видеоматериалов, а также в популярных социальных сетях, таких как odnoklassniki.ru и vkontakte.ru. Влияние новых технологий есть, но как отрицательное, так и положительное. Телевидение, радио, Интернет несут большой объем информации, и отгородиться от этого китайской стеной мы не можем. Поэтому здесь очень важно, чтобы родители задумывались над тем, как обучать подростков пользоваться Интернетом, как фильтровать информацию, которую они получают. Они получают сейчас не всегда качественную информацию. Это касается и того, каким образом СМИ преподносят случаи суицида.

Более 30% из общей численности несовершеннолетних, покончивших жизнь самоубийством, это дети и подростки из наиболее социально уязвимых групп, которым необходимо уделять особое внимание при разработке и реализации программ профилактики суицидального поведения.

Профилактика самоубийств — это целая наука: вытеснения боли, снятия стрессов, смены ориентиров, замены ценностей, возрождения духовности и нравственности. Очень важна профилактическая работа с детьми: воспитание характера, оптимизма, жизнеспособности. Существуют различные методы выявления данных состояний. Самыми простыми методами являются проективные методики.

Практически у каждого подростка можно будет выявить данную склонность к суициду.

При работе по предупреждению и профилактике девиантного поведения несовершеннолетних необходимо делать упор на профилактическую работу, которая, как правило, строится на комплексной основе, включающей в себя лекционно-просветительскую деятельность, тренинговую работу, индивидуальное консультирование по проблемам асоциального поведения, и обеспечивается совместными усилиями педагогов-организаторов, психологов, специалистов по социальной работе с молодежью и сотрудники подразделения ювенальной полиции органов внутренних дел. Специалисты, работающие с детьми, должны знать, что психическое здоровье несовершеннолетнего так же важно, как их физическое здоровье. Им необходимо уметь работать с детьми и подростками для оказания эффективной помощи в преодолении кризиса. Прежде всего, это персонал школ. Самые успешные программы профилактики суицидального поведения детей в мире программы на уровне школ, так как в школе подростки проводят большую часть времени; в ней развиваются личностные навыки; в знакомой для подростка обстановке можно обсудить важные вопросы и проводить мероприятия для укрепления психического здоровья и раннего выявления уязвимых подростков.

Чтобы суициды снижались, не нужно постоянно говорить только о суициде. Очень важно, если возникла такая проблема, нести информацию о помощи, где ее могут предоставить. В каждой поликлинике есть психолог, в школах есть школьные психологи, к которым можно обратиться со своими проблемами. Есть национальный *телефон доверия 150*, по которому можно позвонить с любого уголка города.

Детям и подросткам, пережившим уже попытку суицида, должна оказываться комплексная (медицинская, психологическая, психиатрическая, психотерапевтическая, стационарная и амбулаторная) помощь, проводиться консультации, индивидуальные и групповые занятия и тренинги по реабилитации несовершеннолетних, коррекционная работа.

Таким образом, суицидальная ситуация в детско-подростковой части населения нашей страны является крайне неблагоприятной и требует принятия экстренных мер по ее улучшению. Для этого необходимо создание отвечающей современным требованиям системы профилактики суицидального поведения у детей и подростков. Решение столь ответственной и сложной задачи невозможно без совместных усилий государства, общественных организаций, образовательной и правоохранительной систем, органов здравоохранения и социальной защиты. Реализация перечисленных ниже предложений позволит повысить эффективность указанной работы, переломить суицидальную ситуацию в среде несовершеннолетних.

1) с целью профилактики суицидов, прогнозирования дальнейших действий несовершеннолетних, участковым инспекторам группы ювенальной полиции с помощью школьного психолога и характеристик администрации школ: необходимо выявлять «группы риска» несовершеннолетних (склонных к суицидальным действиям) и возможные причины суицидального поведения;

2) принимать участие в общественных мероприятиях средних школ в форме профилактических бесед на нравственно-правовую тематику с целью разъяснения несовершеннолетним содержание правовых норм законодательных актов;

3) проводить работу с родителями (родными, близкими) несовершеннолетних по недопущению с их стороны в дальнейшем провоцирования возможных суицидальных поведенческих актов;

4) обеспечить организацию системной социально-психологической работы с детьми из семей, находящихся в социально опасном состоянии, направленной на устранение отрицательных последствий внутрисемейных конфликтов.

Таким образом, определенная работа по выявлению, предупреждению и профилактике суицида несовершеннолетних должна осуществляться на постоянной основе. Полагаем, трудность распознавания юношеских патологий заключается в их скрытом проявлении. Психология нужна всем, особенно педагогам, преподавателям, работникам социальных служб и сотрудникам ювенальной полиции, чтобы вовремя заметить негативные черты характера и реагировать на них педагогическими методами³.

¹ Казахстан находится в первых строчках рейтингов по количеству суицидов. Архивировано из первоисточника 26 мая 2013 г. // rus.azattyq.org/.

² Казахстан: одно самоубийство в час. Интернет-газета ЗОНАКЗ. Казахстан. // zonakz.net/.

³ Что толкает казахстанских подростков на самоубийство? // Общество. 2011. 16 июня.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются основные причины суицида среди несовершеннолетних и даются рекомендации по психокоррекции суицидального поведения.

ТҮЙІН

Аталған мақалада кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің негізгі себептері және суицидтік іс-әрекеттің психокоррекциясы жөнінде нұсқаулар қаралады.

ANNOTATION

This article examines the main reasons of seaside among the minors and some recommendation of suicide's behavior.

А.Т. Жұмбаева — Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының жоспарлау, үйлестіру және бақылау бөлімшесінің инспекторы, полиция аға лейтенанты

ӘОЖ 378

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ-НІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
МҮМКІНДІКТЕРІ**

**НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В
ВЕДОМСТВЕННЫХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ
МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**NEW OPPORTUNITIES FOR EDUCATION DEVELOPMENT IN DEPART-
MENTAL EDUCATIONAL INSTITUTIONS OF THE MINISTRY OF INTER-
NAL AFFAIRS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Түйінді сөздер: білім, инновациялық технологиялар, сапа, бақылау, үлгерім, курсант, тыңдаушы, зерттеу, басқару, дағдылар.

Ключевые слова: образование, инновационные технологии, качество, контроль, успеваемость, курсант, слушатель, исследование, управление, навыки.

Keywords: education, innovative technologies, quality, control, academic performance, cadet, student, research, management, skills.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім сапасын арттыру — ұлттың бәсекелестік қабілетін арттырудың негізгі факторы ретінде ең негізгі міндеттердің бірі болып ұсынылған¹.

Аталған құжатта заманауи талаптар мен әлемдік стандарттарға сай келетін ұлттық білім беру жүйесін құру түйінді мәселе болуы заңды.

Елбасы жаңа білім сапасы туралы сөз етіп, «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс», — деп атап көрсетті.

Уақыт талабына сай Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында менеджмент және білім сапасын бақылау (бағалау) жүйесі құрастырылып, жұмыс істейді, ол білім беру процесін басқарудың көп деңгейлі мазмұнын көрсетеді, инновациялық технологиялар, оқытудың интерактивті формалары мен әдістері, сонымен бірге интернет желісіне қосылған екі компьютерлік класс қолданылады.

Білім алушылардың алған білімдерін тексеру процедурасын сапалы жүргізу тәсілдерін күшейту мақсатында 2017 жылдан бастап институтта диплом қорғау жұмыстарын оқу орындары өз бетінше анықтай алатын бейіндік пәндерден мемлекеттік емтихандарға ауыстыруға шешім қабылданды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысының 6-тармақ, 2-тармақшасы)².

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестация Қазақстан Республикасы БЖҒМ мен ПМ-нің бұйрықтарына, сонымен қатар, олардың негізінде әзірленіп, институт басшылығымен бекітілген Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Емтихандық сессиялар заманауи техникалармен және қажетті бағдарламалық жасақтамамен жабдықталған компьютерлік класта тест түрінде, аймақтық ПО, ҚҚБ, Ардагерлер кеңесі мен қоғам өкілдерін шақырумен өткізіледі. Бұл емтихан қабылдаудың ашықтығы мен білім алушылардың білімін әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Курсанттар мен тыңдаушыларға оқуға, қабілеттері мен дарындарын ашуға және дамытуға оңтайлы жағдайлары жасалған: мемлекеттік диплом, қысқартылған бағдарлама бойынша білім беру, әрбір курсантқа дара тіл табу.

Жалпы және арнайы кітапханалардың кітап қоры үнемі жаңа оу және ғылыми әдебиеттермен толықтырылып отырады.

Институтта профессорлық-оқытушылық құрамға қазақ, ағылшын, орыс тілдерін еркін меңгеріп, білім беру қызметін сапалы көрсетуге мүмкіндік беретін арнайы оқу жиынтығы құрастырылған.

Жыл сайын институтта Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бейінді департаменттерінің және комитеттерінің өтінімдері бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Заманауи полиграфиялық құрылғылар өз базамызда дайындалған басылымдарды шығарып қана қоймай, оқу процесін оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.

Институт Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жетекші жоғарғы оқу орындарының бірі болып табылады. Өткен жылы он шақты халықаралық және республикалық дәрежедегі ғылыми-тәжірибелік және әдістемелік семинарлар мен конференциялар, оның 3-еуі жергілікті полиция қызметі саласы бойынша өтті.

Профессорлық-оқытушылық құрам 49 оқулықтар мен оқу құралдарын, тәжірибелік және әдістемелік ұсынымдар дайындап, олар ішкі істер органдарының жедел-қызметтік жұмыстарына және оқу процесіне енгізілді.

Бұдан басқа, алдыңғы жылы институттың профессорлық-оқытушылық құрамы баспа беттеріне 230 мақала дайындап, оның 196-сы жарияланды.

Қазақстан Республикасы ПМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты ПМ-нің өзге ведомстволық оқу орындарының ішінде салыстырмалы түрде жас болып есептеледі, сондықтан атқарылған жұмыстар аз болмағанымен, әлі де алда көптеген жұмыстар күтіп тұр.

Соның ішінде, қазіргі таңда жеке полигон құру және оның материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету сұрағы өзекті болып тұр.

Оны құрудағы алға қойылған мақсат — келешек жергілікті полиция қызметі, әкімшілік полиция қызметкерлерінің жедел-қызметтік дайындығы бойынша дағдыларын жетілдіруге, кәсіби шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік туғызатын және жалпы ішкі істер органдарының жедел-қызметтік қызметіне курсанттарды дайындауда оқытуды ақиқатты шындық жағдайында жүргізу.

Институттың курсанттарына арналып жасалған полигон кейіннен Ақтөбе қаласының барлық ЖОО-ның заң мамандықтарына тәжірибелік базаға айналады.

Аталған жобаны жүзеге асыру курсанттардың тәжірибелік бағытын арттырып, барынша шынайылыққа жақындатылған тәжірибелік жағдайлардың үлгісін жасауға мүмкіндік беретін оқу жиынтығын белсенді қолдануды қарастырады.

Бұл жерде «ЖКП кезекші бөлімі», «Көлік құралын тексеру» және 1 «Көлік құралын басқарудың бастапқы дағдыларын алу» тренажерлық класс үлгілерін құру қажет деп есептеймін.

Полигонда курсанттарға Ақтөбе облысының ІД локальдық жүйесіне қосылу арқылы ұрланған автокөлікті тіркеу және іздеу барысындағы дағдылар мен шеберлікті қалыптастыратын, web–технологиялар қолданылатын ақпараттық жүйе қондыру ұйретіледі.

Оған қоса, полигонда Жедел басқару орталығының (ЖБО) үлгісін құру керек, курсанттарға құқықтық тәртіпті сақтау күштері мен құралдарын басқарудың тәжірибелік дағдылары, оның ішінде:

- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысты жедел іс-шараларды өткізу;
- хабарламалар, арыз-шағымдарға жедел әрекет етуді қамтамасыз ету;
- жол-патрульдік полицейлерді басқару;
- ғимараттардың, құрылыстар, нысандардың қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету және т.б. оқытылады.

ЖБО макетін техникалық жабдықтаудың негізіне Ақтөбе облысының ІД Жедел басқару орталығының бірыңғай корпоративтік ақпараттық желісіне кіретін заманауи электронды есептегіш жүйелер кіру керек.

Полиция жұмысының негізгі әдістері — кез келген хабарламаға қолда бар күштер және құралдармен лезде әрекет етуге мүмкіндік беретін патрульдік учаскелердегі жоғары деңгейде ұйымдастырылған қызмет екендігін есепке ала отырып, ЖБО ойын полигонында жеке құрамның орналасқан жерін бейнебақылау жүйесімен жабдықтау және оны жедел залда орналасқан телевизиялық таблода көрсетілуін қамтамасыз ету.

Учаскелік пункт моделін құру ұсынысы болашақ жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторларын даярлауды жетілдіруге пайдаланылады.

Учаскелік полиция пункті макетін жиһазбен, байланыс құралдарымен, Ақтөбе облысының ІД біріктірілген деректер жинақтамасына қосылған компьютермен, көбейту-көшіру техникасымен және қажетті нормаларға сәйкес басқа да мүкәммалмен жабдықтаған дұрыс.

Көрінетін жерге «Учаскелік полиция пункті» жазуы жазылған табло және азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, учаскелік полиция пунктінің және қалалық, аудандық органның кезекші бөлімінің телефондары, учаскелік инспектор мен көмекшісінің фамилиясы, аты және әкесінің аты көрсетілген «Жұмыс тәртібі» тақтайшаларын орналастыру орынды.

Әртүрлі тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін Учаскелік полиция пункті полигоны қажетті көрнекі құралдармен және стендтермен жабдықталғаны жөн.

Учаскелік полиция пунктiнiң макетiн жасау үлкен материалдық шығындарды қажет етпейтiндiгiн атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты аумағының Қазақстан Республикасы ИМ ведомстволық жоғары оқу орындарында аналогы жоқ, көлік полициясының қызмет ерекшелiгiне байланысты сұрақтарды зерттеуге арналған оқу полигонын жасақтауға мүмкiндiгi бар.

Полигонда барынша шынайылыққа жақындатылған жағдайларда, сонымен қатар, теміржолдар мен аэропорттарда институт курсанттары алған теориялық бiлiмдерiн көрнекi түрде бекiтiп, болуы мүмкiн жедел жағдайларды меңгередi: террористiк актiлер мен құқыққа қайшы iс-әрекеттердi жасауды болдырмау, тасымалдауға тыйым салынған заттарды анықтау, заңсыз қару-жарақ пен есiрткi айналымын жою, жолаушыларды жеке тексеру мен жүктердi қарауды жүргiзу және т.б.

«ИО әкiмшiлiк қызметi» кафедрасының бейiндiк пәнi сабақтарына ИО кезекшi бөлiмiнiң макетiн тұрғызу қажет.

ИО аналогы бойынша «Кезекшi бөлiм» полигонында байланыс аппаратураларының үлгiлерi мен ақпаратты бейнелейтiн құралдар орналастырылуы қажет. Жедел кезекшi мен кезекшi бөлiмнiң өзге де қызметкерлерiне үстелдер, жұмыс креслолары, орындықтар, металл, канцелярлық шкафтар қондыру керек және арнайы байланыс аппаратын орналастыратын кабина қарастырылуы тиiс.

Аталған полигондарды қондыру курсанттардың шынайы өмiр жағдайларында қоғамдық тәртiп пен азаматтардың қауiпсiздiгiн қорғауда күнделiктi мiндеттердi орындау дағдыларын қалыптастыруға септiгiн тигiзедi.

Бұдан басқа, көрсетiлген бағыттарды жүзеге асыру бiздiң көзқарасымызша, ведомстволық оқу орындарының бiлiм беру процесiнiң тиiмдiлiгiн арттырып, Қазақстан Республикасы iшкi iстер органдары жүйесiнiң әкiмшiлiк полициясы мен жергiлiктi полиция қызметiнiң мейлiнше бiлiктi кадр құрамын қалыптастыруға ықпал етедi.

¹ Қазақстан Республикасының Президентi Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртiншi өнеркәсiптiк революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкiндiктерi» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [adilet.zan.kz/ rus/ docs/ K1800002018](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1800002018).

² «Бiлiм берудiң тиiстi деңгейлерiнiң мемлекеттiк жалпыға мiндеттi бiлiм беру стандарттарын бекiту туралы» Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы // online.zakon.kz.

АННОТАЦИЯ

Мақалада Қазақстан Республикасы Ишкi iстер министрлігiнiң ведомстволық оқу орындарындағы бiлiм берудi дамытудың өзектi сұрақтары көтерiлген.

АННОТАЦИЯ

В статье поднимаются актуальные вопросы развития образования в ведомственных учебных заведениях МВД Республики Казахстан.

ANNOTATION

The article raises topical issues of education development in departmental educational institutions of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan.

М.О. Избасов — Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының әкімшілік құқық және әкімшілік қызметі ІІО кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі

ӘОЖ 378

«АДАМИ КАПИТАЛ — ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ» ЖОЛДАУЫ ЖОЛЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САПАСЫ

ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ: «ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ – ОСНОВА МОДЕРНИЗАЦИИ» НОВОЕ КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ

BY LINE OF THE MESSAGE: «HUMAN CAPITAL – THE BASIS OF MOD- ERNIZATION» NEW QUALITY OF EDUCATION

Ключевые слова: образование, система, адаптация, обновление, педагог, конкуренция, подготовка, нагрузка, исследование, необходимость, технология, новые подходы, подготовка, капитал, модернизация, модель.

Түйінді сөздер: білім беру, жүйе, дағдылану, жаңару, ұстаз, бәсекелестік, дайындық, жүктеме, зерттеу, қажетті, технология, жаңа тәсілдер, даярлық, капитал, жаңғыру, модель.

Keywords: education, system, adaptation, renewal, teacher, competition, training, load, research, necessity, technology, new approaches, training, capital, modernization, model.

Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының ең маңыздысы — ол әлеуметтік маңызы бар, оның ішінде сапалы білім деңгейін арттыру бойынша бағдарламалар. Әр жастағы азаматтарды қамтитын өзінің алдыңғы қатарлы білім беру жүйесін құрудың негізі «Болашақ» Халықаралық бағдарламасының стипендиаттары форумы болып табылады, онда мемлекет басшысы «Интеллектуалды ұлт -2020» ұлттық жобасының идеясын ұсынды.

Н.Ә. Назарбаев әлемдегі бәсекеге қабілетті бірқатар елдердің қатарына Қазақстанның қосылуына «Біздің мемлекетіміздің құрылысына елдің жас ұрпағына үлкен үміт артатындығынын» — атап өтті. Осыған байланысты қоғамның өмір сүру деңгейін өлшеудің негізгі бірлігі ретінде адами капиталдың дамуының заманауи білім беру жүйесінің рөлі де артады¹.

Осы адами капиталдың дамуындағы заманауи білім беру жүйесінің рөлі өсуінің арқасында, қазақстандық білім берудің әлемдік білім беру кеңістігінде дамыту керек дегенді білдіреді. Бұл тапсырмаларды жүзеге асырудың басты құқықтық

негізі болып, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының саналады².

Қазақстандық білім беру жүйесі балалардың ерте дамуынан бастап орта білім беру жүйесіне біртіндеп көшу арқылы бірнеше деңгейдегі білім беруді қамтамасыз етеді, содан кейін арнайы бір мамандықтарға бағытталған білім беру бағдарламалары арқылы тікелей оқытуды жалғастырады. Осындай тәжірибе жас ұрпақтың өмір бойы білім алу қабілеттерін дамытуға және алғашқы күндерден бастап өмірге дағдылануына мүмкіндік береді. Бұл жүйе кәсіби талаптардың күшеюі жағдайында жұмыс істеуге қабілеттің арттыруға, шығармашылық ойлауын, жаңа идеяларды ұсынуға және өз бетінше шешімдер қабылдай алатын жоғары білімді мамандарды дайындауға бағытталған.

Осыған байланысты міндеттерді орындау үшін білім берудің барлық деңгейіндегі оқытушылардың оқытудың ескі әдістерін тастап, қазіргі заманның шынайылығына сай жаңа нысандағы оқытудың әдістерін үйрену қажет. Аталған жағдайларға байланысты барлық білім беру мекемелерінде білім берудің жаңа әдістерін үйрену процесі өтуде. Мысал ретінде, Қазақстан Республикасы ПМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында білім берудің кредиттік технологиясы енгізілген және де халықаралық, республикалық, аймақтық конференциялар өткізіліп, нәтижесінде жоғары оқу орындарының озық тәжірибелері талқыланады. Оқу-әдістемелік кеңесі отырысында институтта оқу процесіне оқытудың жаңа технологиясын енгізу бойынша сұрақтар жүйелі түрде қаралып отырады. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде болашақ полиция қызметкерлерін оқыту процесінде оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін қолдануға қатысты мәселелер қаралады. Тәрбие мен оқу нысанының тиімді әдістерін тәжірибеге енгізу үшін жұмыс тобының отырысында білім беру саласындағы өзекті мәселелер талқылынып, әдістемелік ұсынымдар дайындалады.

Халықаралық білім беру жүйесіндегі қазіргі заманға сай бай тәжірибесін оқып үйренбей және жалпы қолданбай, оқытудың жаңа технологиясын енгізудің қажеті шамалы екені айқын.

Институтта, яғни «ІО әкімшілік қызметі», «ІО әкімшілік іс жүргізу», «Қоғамдық қауіпсіздік қызметтерінің қызметі» курстары бойынша ішкі істер органдарына кадрларды даярлау процесінде ақпараттық-техникалық құралдарды кешенді қолдану жүйесін дамытудың педагогикалық және тәжірибелік негіздері анықталды.

Сонымен қатар, институт кітапханасының кітаптар қорын дамытудың ықпалы жалпылама туындағын мәселелерді шешуге тиеді. Сондықтан да кітапханалық және саяси басылымдарға өзгерістер енгізу қажет. Бұлардың нәтижелері «Құқық қорғау қызметі» мамандығындығы бойынша курсанттарды дайындауға арналған арнайы әдебиеттердің басылымын көбейтуге мүмкіншілік береді.

Институтты материалды-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге ұсыныстар жасау қажет.

Жоспарланған жаңартулар институттың педагогикалық технологиясының оқу үрдісінде ақпараттық-техникалық құралдарды, әртүрлі полигондық әдістерді

пайдалану курсанттардың тәжірибелік бағыттағы сабақтарды меңгеруіне ықпал ететінін ескере отырып, келесі ұсыныстар жасалады:

Сабақтар өткізу кезінде білім беру технологиясының қашықтықтан басқару жүйесі арқылы курсанттарды қызықтыратын сауалдарын тікелей қоюға, жергілікті полиция қызметінің дамуындағы өзекті білімдерін алу үшін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ӘПК өкілдерінің қатысуымен өткізу тәжірибесін енгізу.

ПО кадрларын дайындаудағы аса қажеттілігін ескере отырып, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында жергілікті полиция қызметінің қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттырудағы бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастыруды ұсынамыз:

- Қазақстан Республикасы ІІМ-нің М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтын Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ведомстволық оқу орындарын техникалық қамтамасыз ету бағдарламасына қосу маңыздылығы.

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті сақтаудағы полиция қызметкерлерін дайындауда оқу үрдісін ұйымдастырудағы педагогикалық технологиялардың тәжірибемен жедел түрде алмасу мақсатында жақын және алыс шетелдердің ІІМ оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамымен өзара қарым-қатынас жасасудағы бірбағытты жүйесін жасау;

- институттың профессорлық-оқытушылық құрамына курсанттарды жаңа нысандармен оқыту үшін жергілікті полиция қызметімен әкімшілік полиция қызметінде қолданылатын жаңа технологиялық әдістердің жүйесін құру.

Бұл іс-шараларды жүзеге асыру барысында келесі тапсырмаларды шешуді қажет етеді:

а) әлемдік ғаламтор жүйесі арқылы аймақтық және республикалық ғылыми компьютерлік жүйелерімен жоғары жылдамдықтағы резервті каналдардың орталық бағыттамааларын дамыту;

б) институттың қызметкерлеріне және курсанттарына институттың бағдарламалармен қамтамасыз етілген жергілікті локальдық компьютерлік жүйесіне дербес қол жеткізу үшін жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу және реттеу;

в) Wi-Fi технологиясы барысында институттың ақпараттық жүйесіне жедел немесе тұрақты түрде қамтамасыз ету үшін, барлық бөлмелерде үзіліссіз толық бағытта енуге жағдай жасау;

г) институттың үй-жайында тұратын курсанттар үшін енгізілген локальдық компьютерлік жүйесінің бағдарламалармен қамтамасыз етілуі;

д) Институттың ақпараттық желісін тұрақты түрде басты телекоммуникациялық жүйесімен қамтамасыз ету.

Институтты материалдық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында ғимараттарды жаңа дамыған жобалар талабымен жаңарту және салу қажет. Институттың әлеуметтік құрылымдарын техникалық жаңарту (АТК бөлмелерімен, полигондар құрылыстарымен және т.б).

Институттың кітапхана қорында әлемдік ғылыми, арнайы және анықтама әдебиеттерін көбейту курсанттарды дайындауға әкімшілік-құқықтық мамандығына септігін тигізеді.

Оқу құралдарын алу кезінде әр курсантқа міндетті қажеттілік оқу құралдарының есебін ескеру қажет.

Келесі мамандандырылған оқу полигондарының болмауы: «Жедел басқару орталығы», «Учаскелік полиция пункті», «ПО кезекші бөлімі», «Жол-патрульдік полициясының кезекші бөлімі» және «Желілік ПБ».

Қазақстан Республикасы ПМ-нің оқу орындарында кәсіби кадрларды дайындауда жаңа технологияларды қолданудағы туындайтын мәселелерге қатысты жыл сайын ғылыми-әдістемелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу.

Қаралатын сұрақтардың маңыздылығын ескере отырып, профессорлық-оқытушылық құрам үшін оқу үрдісінде ПО аумақтық бөліністерінің тәжірибелік қызметінде қолданатын жаңа заманауи ақпараттық-техникалық құралдарды үйрету үшін мамандарды шақырту арқылы сабақтар ұйымдастыру.

Өндірістік машықтандыруды қолдану мақсатында институттың жас оқытушылары үшін олардың ішінде ПО практикалық жұмыстардан тәжірибесі жоқтарға жыл сайын Ақтөбе облыстық ПД аймақтық бөліністерінде тағылымдамадан өту ұйымдастырылуда.

Әкімшілік құқық және ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі кафедрасымен оқу процесінде әдістемелік көрнекілік құрал ретінде пайдалануы үшін әкімшілік полиция және жергілікті полиция қызметіне қатысты бейнематериалдар дайындалып жатыр.

Осы аталған жұмыстарды жүзеге асыру барысында келесі нәтижелер күтілетінін атап айту керек.

Институттың ақпараттық желісін қазіргі заманауи талаптарға сай қазақстандық және шетелдік жоғарғы оқу орындарымен тең етіп, тұрақты түрде басты телекоммуникациялық жүйесімен қамтамасыз ету, қазақстанның білім беру жүйесіндегі алдыңғы қатарда болуды құрады.

- ақпараттық және коммуникациялық технологияны оқытудың жаңа нысаны ретінде қолдану оқу процесін ұйымдастыру кезіндегі туындайтын қиындықтарды жеңуге ықпалын тигізеді.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру Қазақстан Республикасы ПМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында білім алу үрдісін көтермелеуге бағытталған және Қазақстан Республикасы ПО-ның кадрлар құрамын кәсіби санат тұрғысынан жетілдіруді мақсат тұтады.

¹ <http://www.kazportal.kz/osobennosti-razvitiya-sistemyi-vyisshego-obrazovaniya-v-kazahstane>.

² «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 туралы Заңы (2017 ж. 28.12. өзгерістермен толықтырулар). // <https://adilet.gov.kz>.

ТҮЙІН

Мақалада білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге және жаңа білімнің игерілуіне үнемі бейімделу қабілетін дамытудағы қазақстанның алдыңғы қатарлы білім беру жүйесін құру мәселелері талқыланады.

АННОТАЦИЯ

В данной статье поднимаются вопросы создания национальной казахстанской передовой системы образования, где ключевым приоритетом образовательных программ должно стать развитие способности к постоянной адаптации к изменениям и усвоению новых знаний.

ANNOTATION

In this article the issues of the establishment of a national Kazakhstan-tion of the advanced system of education, where a key priority of educational programs should be the development of the capacity for constant adaptation to changes and assimilation of new knowledge.

С.А. Мендыбаева — Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының жалпы білім беру пәндері кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны

ӘОЖ 371

ХАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫН ОТБАСЫ ТӘРБИЕСİNДЕ ЖАСӨСПІМДЕРГЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

ПУТИ ПРИМЕНЕНИЯ НАРОДНЫХ ТРАДИЦИЙ В ВОСПИТАНИИ ПОДРОСТКОВ

WAYS OF USAGE OF FOLK TRADITIONS IN FAMILY EDUCATION OF MINORS

Түйінді сөздер: тәрбие мәселесі, рухани деңгей, салт-ана, мәдениет, дәстүр, тарих, ұлттық құндылықтар, патриоттық сезім.

Ключевые слова: проблема воспитания, духовный уровень, традиции, культура, история, национальные ценности, патриотические чувства.

Key words: the problem of education, spiritual level, traditions, culture, history, national values, patriotic feelings.

Тәрбие мәселесі — ұрпақтан ұрпаққа таралып, жетілдіріп отырған өмір мектебі. Осы өмір мектебінің оқулықтарын қазіргі таңда халық даналығы қазынасының, рухани өмір беттерінен, мәдениеті және тарихынан өнерінен, салт-санасы, дәстүрінен осылардың озық үлгілерінен іздеген жөн. Өйткені өз тілін, тарихын, мәдениетін, дәстүрін білмеген адамның рухани деңгейі төмен болатындығы белгілі.

Адам өміріндегі ең басты құндылықтарының бірі отбасы болып табылады. Себебі, жасөспірімге ата-ана тәрбиесінің орнын ешкім және ешнәрсе толықтыра алмайды. Елдің ер-азаматын тәрбиелеу, ең алдымен, отбасына жүктеліп отыр. Отбасы адам баласының алтын бесігі болып табылады. Өкінішке орай, заман ағымына қарай, тұрмыстың бұзылуы мен экологияның бүлінуі секілді әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қиыншылықтарға тап болады. Атап айтатын болсақ, қазіргі қоғамдағы экономикалық, материалдық қиындықтар нәтижесінде толыққанды отбасылар саны азайып, ажырасу деңгейі өсуде. Соның нәтижесінде отбасында тәрбиеленген балалар саны азайды¹.

Бұл жағдайдың барлығы қоғамда қалыптасқан құндылық бағыттарын өзгертіп, негізінен жасөспірім тәрбиесіне көңіл бөлу, дұрыс бағыт-бағдар беру, оның тиімді жолдарын қарастыру болып табылады.

Ендеше, ата-бабамыз айтып өткендей, «Тәрбие тал бесіктен басталады» дей келе, қазақ әдебиетімен ұлттық құндылықты ескере отырып, әрбір курсанттың жүрегінен патриоттық сезіммен, ер мінездік қасиетті оятып, тәрбиелеу менің оқытушылық басты мақсаттарымның бірі болып табылады.

Жалпы бала тәрбиесіне басты қадамдардың негізі — ата-аналардың оқытушымен бірге тығыз байланыста болуы, баланың күнделікті өмірдегі өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді. Баланың ізгілік пен адалдық жолына түсуіне отбасындағы ана мен әкенің қарым-қатынасы басты рөл атқарады. Сонымен қатар, ата-ана үнемі отбасында баламен сырласа отырып, ұлттық құндылықтарды нақыштауды отбасында ұйымдастыра білсе, үлкен тәрбиелік жұмыстарды атқарар еді. Ата-аналар отбасында жасөспірімдермен үнемі пікірлесе отырып, аңыз-әңгімелерден үзінділерді айтқызып, ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байытып, жұмбақ айтысып, мақал-мәтел айтудан жарыстырып, озған балаға құрмет көрсетіп, шешендік сөздерді жаттатып, ұлттық дәстүрді талап ете білуі керек. Жасөспірімдерді жастайынан салт-дәстүрді қастерлеп, мұраларды сақтауды насихаттап, игілікті істерді ұйымдастыруға үйрету, жалпы баланың жасаған қателігіне көз жұма қарап, жасөспірімді мадақтау арқылы оларға психологиялық әсер етіп, тәрбиелеген абзал.

Институт қабырғасында сабақ беретін әрбір оқытушы өзінің педагогикалық тәрбие беру мәселесінде этнопедагогика жадығаттарын мүмкіндігінше әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы бере отырып, төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

- курсанттардың дүние-танымдық қабілетін жетілдіру;
- курсанттарға рухани, мәдени білім мен ғылым құндылықтарын игеруге жағдай жасау;
- ұлттық тәрбие арқылы адами қасиеттерін қалыптастыру;
- ізгілікке адамгершілікке тәрбиелеу;
- елжандылыққа тәрбиелеу;
- шығармашылық қасиеттерін ояту;
- өнерге баулу;
- данышпандық, көрегендік қасиеттерін дамуына жол ашу, т.б.

Жасөспірімге деген алғашқы тәрбие ананың ақ сүтінен басталып, қоғамға еліктеуден қалыптасатын күрделі құбылыс екені белгілі себебі, адам өміріндегі тәрбиенің алғашқы қадамы отбасынан бастау алып, білім ордасымен байланысуы хақ.

Бір сәт «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген даналық сөздің мәніне үңілсек, бала тәрбиесіне балалық шағынан-ақ көңіл бөлу міндеті тұрғанын аңғару қиын емес. «Дала Демосфени» деп аталған Қаздауысты Қазыбек бидің «Біз қазақ...» және Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» жырлары бүгінгі ұрпақты өз жерін, елін сүйуге баулиды. Қазақ елін сыртқы жаулардан сақтап қалу үшін жанын аямай күрескен халқымызға бағыт-бағдар беріп отырған Қазыбек бидің «Біз қазақ, мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, – деп қазақ елінің ешкімге барып соқтықпағаны, «жаным — арымның садағасы» деп адамгершілік рухты биік ұстағанын жырласа, ал Ж.Молдағалиев «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген, жөргегімде таныстым мұң тілімен» деп еліне, жеріне сүйіспеншілігін, өз ұлтының мәрттігін басқаларға таныта отырып, ел қорғаған батыр бабаларымыздың даналық, ерлік істерін асқақтатады. Қай заманда болсын адамзат алдында тұрған ұлы міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.

«Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деген мақал, ең алдымен, тәрбие мәселесіне қаншалықты терең мән берілетінін көрсетеді.

«Тәрбие-табалдырықтан басталады» деген нақылдың өзі өмірден алынған шындық². Тәрбие — халықтың ғасырлар бойы жинақтап, алған озық тәжірибе мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез- құлқын қалыптастыра білу қажет. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат — міндеттің ең бастысы өзінің ісі, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды рухы биік, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі кең ұрпақты тәрбиелеу — қоғам алдындағы басты міндет.

Тәрбие мәселесі — ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа таралып, жетілдіріп отырған бірегей өмір мектебі. Сол өмір мектебінің оқулықтарының түп тамыры халық даналығы қазынасы, рухани өмір беттерінен, тарихы мен мәдениетінен, әдебиетімен өнерінен, салт-санасынан іздеген жөн. Өйткені өз тілін, тарихын, мәдениетін, дәстүрін білмеген адамның рухани деңгейі төмен болады. Сол себепті халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – деп текке айтпаған. Тәрбие туралы сөз қозғағанда біз ана мен әкенің, отбасының туралы образды көз алдымызға елестетуіміз қажет.

Сондықтан курсанттардың отбасынан алған тәрбиесіне, ата-анасына ерекше мән берген жөн. Себебі отбасы бұл — үлкен тәрбиенің басы сәбидің жүріп, сөйлей бастағанынан мәдениетке баулу, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге тәрбиелеу отбасынан басталары заңдылық. Өйткені, жанұя тәртібі өмір бойы адам баласы тәрбиесінің басты құралы. Сонымен қатар, тәрбие адам үшін ең үлкен мәнге ие орта

болып табылады. Оның басты себебі, жанұя нақты дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, сақтаушы рөлі арқылы жүзеге асырылады. Жанұяда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сол себепті отбасылық өмір жеке адамның азамат болып қаланатын кірпіші болады³.

Отбасында басты мәселелердің бірі — баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу, бос уақытын ұйымдастыру жатады. Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі — ата-ананың білімі және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы. Балалардың отбасынбағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады. Ол — отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйлесімдік, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Отбасы — болашақ азаматтың мәдени дүние танымын, әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы қадам. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық әлеуметтік-саяси құндылықтары беріледі. Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда, қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Ата-аналардың білім деңгейіне байланысты да отбасында ерекшеліктер орын алады.

Болашақ ПО қызметкерлерінің жасөспірімдік шақтары институт қабырғасында өтеді. Сондықтан взвод кураторы әрбір курсанттың ерекшеліктерін ескере отырып, ой-өрісінің дамуына дұрыс бағыт-бағдар берген жөн. Курсанттардың мінезін, қабілеті мен ықыласын зерттеп, бақылау оның тек өз басына тән ерекшеліктерін білу және осыларға байланысты олардың бойында бар жақсы қасиеттерді одан әрі дамытып жетілдіру тәрбие ісінде ерекше рөл атқарады.

Курсанттарға Қазақстан Республикасының тағдырына үлкен үлесін қосып отырғандығы туралы, сонымен қатар, қылмыстың алдын алу, құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында профилактикалық жұмыстарды атқаруды дәлелдемемен жеткізу керек.

Нәтижесінде, қазіргі таңда курсанттарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев Ақтөбе заң институтының тәлім-тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын олардың санасына сіңіру курс басшыларының, кураторлардың және сабақ беретін оқытушылардың басты міндеті дегіміз келеді. Сонымен қатар, курсанттар тәрбиесінде ата-ананың алатын орны ерекше. «Баланы ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақалды халқымыз текке айтпаған.

Сол себептен «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген мақалға сүйене отырып, кураторлар ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс атқарса, жұмыстарының нәтижесі арқылы жүзеге асырылады.

¹ «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2017-2018 жылдарға арналған бағдарлама» // Қазақстан кәсіпкері – Професионал Қазақстана. — 2008. — № 9.

² Тәрбие құралы оқытушылар мен ата-аналар үшін. — Астана, 2017. 14 бет.

³ Қазақ тілі-ғылым тілі: Респуб. ғылыми-теор. конф. мат-ры. — Алматы, 2017. — 22 б.

ТҮЙІН

Аталған мақалада автор болашақ ІІО қызметкерлерінің қоғамда қалыптасқан құндылық бағыттары арқылы жасөспірім тәрбиесіне тиімді жолдарын қалыптастырудың мәселелері қарастырылған.

АННОТАЦИЯ

В данной статье автор рассматривает вопросы воспитания поколения будущих сотрудников ОВД через ценностные ориентиры, сформулированные в обществе.

ANNOTATION

The author of the article deals with the up bringing of the younger generation- future law enforcement officials – through value guidelines,

Обыденова Т.В. — доцент кафедры административного права Московского университета МВД России им. В.Я. Кикотя, кандидат юридических наук, доцент, полковник полиции;

Татарян В.Г. — профессор Московского университета МВД России им. В.Я.Кикотя, доктор юридических наук, профессор, Почетный работник высшего профессионального образования РФ, Отличник высшего образования Кыргызской Республики, Почетный сотрудник налоговой полиции РФ, Почетный сотрудник финансовой полиции Кыргызской Республики, Почетный работник МЧС Кыргызской Республики, Почетный ветеран МВД и Национальной Гвардии Республики Казахстан, Академик Евразийской Академии административных наук, полковник в отставке

УДК 343

ПРАВОНАРУШЕНИЯ В ОТНОШЕНИИ ДЕТЕЙ И ИХ ПРОФИЛАКТИКА В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

OFFENCES AGAINST CHILDREN AND THEIR PREVENTION IN RUSSIAN FEDERATION

Ключевые слова: родители, опекуны, попечители, несовершеннолетние, дети, детские дома, меры ответственности, нарушения прав несовершеннолетних, социально-опасное положение, права несовершеннолетнего, дети-сироты, беспризорные, насилие.

Түйінді сөздер: ата-аналар, қорғанышлар, қамқоршылар, кәмелетке толмағандар, балалар үйлері, жауапкершілік шаралары, кәмелетке толмағандар құқықтарының бұзылуы, әлеуметтік қауіпті жағдай, кәмелетке толмағандардың құқықтары, жетім балалар, панасыздық, зорлық-зомбылық.

Keywords: parents, guardians, guardians, minors, children's homes, measures of responsibility, violations of the rights of imperfect children, socially dangerous situation, the rights of minors, orphans, street children, violence.

Каждое демократическое государство должно заботиться о будущем своих граждан, а дети — будущее любой страны. Однако в силу своего возраста дети не могут самостоятельно защитить себя от материальных, физических и моральных угроз внешнего мира, потому, что не в полной мере могут осознавать свою право и дееспособность. Государство, обладая властными полномочиями, обеспечивает путем издания нормативных правовых актов защиту прав и законных интересов несовершеннолетних, в которых возлагает ответственность за воспитание и развитие детей на себя, в лице компетентных государственных органов и родителей, опекунов, попечителей.

Мы часто слышим о том, что в семье ребенок подвергается насилию или же в детских домах к несовершеннолетним применяют в качестве воспитательного воздействия физическую силу либо же иной способ, который негативно влияет на нормальное здоровое и развитие. Однако, к сожалению, не так часто, большинство

